

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ФАКУЛЬТЕТ ИСТОРИИ, АРХЕОЛОГИИ И ЭТНОЛОГИИ

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАЛАРЫНЫҢ
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ӨТКЕНІ, БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ» атты
тақырыпта өтетін тарих ғылымдарының докторы, профессоры
Мадияр Елеуовтың 70 жылдық мерейтойына арналған
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, 6 мамыр 2016 ж.
I-бөлім

МАТЕРИАЛЫ
международной научно-практической конференции
«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОГО
НАСЛЕДИЯ КАЗАХСТАНА: ПРОШЛОЕ, НАСТОЯЩЕЕ И БУДУЩЕЕ»,
приуроченной к 70-летию профессора кафедры археологии,
этнологии и музеологии, доктора исторических наук Мадияра Елеуова

Алматы, 6 мая 2016 г.
Часть I

MATERIALS
of International scientific and practical conference
"ACTUAL PROBLEMS OF HISTORICAL AND CULTURAL
HERITAGE OF KAZAKHSTAN: PAST, PRESENT AND FUTURE", dedicated
to the 70th anniversary of professor of Department of archeology,
ethnology and museology, the doctor of historical sciences Madiyar Eleuov

Almaty, may 6, 2016
Part I

Алматы
«Қазақ университеті»
2016

біздің санамызда бүгінгі күнге дейін сақталып, ұстаздық қасиетін білдіретін жауапкершілігі мен ұқыптылығы бүгінгі күнге дейін шәкірттеріне үлгі бола білді.

Мадияр ағаның мейірімді мінезі мен нағыз ұлтжанды қайсарлығы қазақи аудиторияны өзіне тез баурап алғандығы біздің курстастар арасында әлі күнге дейін жыр болып айтылады. Ол бірде бір студентке дауыс көтермей, бәрін өзімен тең көріп, үлкенді сыйлау, кішіні құрметтеу сияқты адамгершілік құндылықтарды да үйрете білді. Оның ағалық ақылын айтумен бірге студенттерді сабақтан кешікпеуін талап ететін ұстазға тән мінезі әрбір студентті жауапкершілікке баулыды.

Курстастар арасында айтылатын ол кісінің бір де бір студентке «3» деген бағаны қоймайтындығы, керісінше «5» деген бағаны алу үшін емтихан кезінде өзіне тиесілі билетті жауап берген соң кез келген билетті алып, сол билеттің үшінші сұрағына жауап беруіміз біздер үшін ең жауапты кезең болатын.

Біз алғаш археологиялық экспедицияға 1990 жылы 1 курс бітірген жылы барған едік. Сонда Ақтөбе қалашығындағы археологиялық қазба жұмысында М.Е. Елеуовтің өте ыждағаттылық пен тазалықты талап ете отырып, немқұрайдылық пен жүрдім бардымға жол бермейтіндігіне куә болдық.

М.Елеуовтің мазмұнды дәрістерін тыңдау 3 курс оқып жүрінімізде арнайы мамандыққа бөлінген кезінде де жалғасын тапты. Сол кездерде ол «Ұлы жібек жолы және орта ғасырлық Қазақстан», «Археологиялық бұйымдарды камералдық өңдеу» сияқты пәндерден дәріс берді. Ол сабақты нақты археологиялық деректермен байланыстыра отырып, өзі басы қасында болған археологиялық экспедициялардың қиын да қызықты сәттерімен байланыстыра отырып өтетін.

Менің кәсіби қызметімнің басталуына да бірден бір себеп болған ұстазым М.Елеуов болды. 1996 жылы Түркістан қаласында Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті жанынан Археология ғылыми-зерттеу институты ашылып, 1998 жылы жеке ғылыми-зерттеу орталығы болып қайта құрылды. Мадияр ағайымыз осы институтты 2001-2008 жж. басқарып, аталған ұжымның жанданып, жұмыс жасауына бірден бір қызмет етті. Институттың құрылуы археологтар мектебін қалыптастыру, археолог мамандарды тәрбиелеу М.Е. Елеуовтің археология ғылымында тағы бір бағаланатын қыры. Сол жылдары Қ.А. Ясауи атындағы Қазақ-Түрік университетінде археология және этнология кафедрасының дербес кафедра болып ашылуына да жанын салып, еңбек етті. Өзі қызмет атқарып жүрген жылдары осы аталған университетте археолог-этнограф мамандардың тапшы екендігін айтып, мені де маман ретінде этнология саласы бойынша оқытушылық қызметке шақырған. Бірде ағайыммен амандасуға қызымды да ертіп барғанымда, бұл бала құр қол шықпасын деп, өзінің «Орта ғасырлық Сауран» деп аталатын еңбегін сыйлағандығы менің ғана емес қызымның да - «Мама, мына кітапты сіздің ағайыңыз маған сыйлап еді ғой», - деп есінен шыққан емес.

Орта ғасырлық қалалардың археологиялық мұраларын зерттеумен бірге ғалым ұстаз археолог мамандарды дайындауға және өз мектебін қалыптастыруда да үлкен қызмет атқарды. Нәтижесінде тарих, археология саласы бойынша Алматы, Астана, Түркістан қаласында ірі ғалымдар шоғырын қалыптастырды. Олар қазіргі таңда еліміздің жоғарғы оқу орындарында, республиканың ғылыми зерттеу мекемелерінде табысты ғылыми және оқытушылық қызметтер атқаруда. Ғалымның бұл еңбегі де қазіргі Қазақстан ғылымының дамуы мен қалыптасуын көрсетумен бірге ғылымдағы өзекті проблемаларды шешудегі зерттеулерін ашып береді.

Маған білім берген алғашқы ұстаздарым Мадияр мен Нұртаза ағайларым «айналайын» деп ақыл айтса, ғылымда ұстаз болған, бағыт бағдар берген Әбдеш ағайым «қарғам» деп мейірленетін. Кәсіби маман ретінде қалыптасума тікелей ұйтқы болған ұстаздарыма амандық, еңбектеріне толағай табыстар тілеймін.

Е.Ш. Ақымбек

ТАРИХТЫ ТОПЫРАҒЫНАН ТАНЫҒАН...

Археология адамзаттың өткен өмірінен қалған материалдық мәдениетін және соған қарай рухани мәдениетін де зерттейтін ғылым саласы екендігі белгілі. Адам баласының жер бетінде пайда болғаннан бергі бірнеше мыңдаған жылдықтар тарихи даму ерекшеліктеріне байланысты немесе эволюциялық төңкерістерге қарай бірнеше дәуірлер мен кезеңдерге бөлінеді. Солардың бірі, күрделі де қиыны орта ғасырлар археологиясы. Қазақстанның орта ғасырлар археологиясы ескерткіштері алуан түрлі. Олардың қатарына қалалар, қоныстар, төрткүлдер, бекіністер, керуен сарайлар, үй-жайлар, медреселер, мұнаралар, қарауыл мұнаралары, мешіттер, моншалар, жерлеу орындары, суландыру және қорғаныс жүйелері және т.б. жатады. Бұл ескерткіштердің құрылысына еліміздің

табиғи ерекшеліктеріне, жер бедері мен орналасқан орнына қарай жергілікті материалдар қолданылған. Негізінен құрылыс материалы ретінде сазды және тасты көп пайдаланғандығы белгілі. Ағаш пен қамысты да құрылысқа жаратқанымен, бүгінгі күнге дейін сақталмаған немесе олардың тек шірінді қалдықтары ғана жеткен. Саздан қам кірпіш жасап, тіпті оны күйдіру арқылы алынған қыш кірпіш күйінде құрылысқа пайдаланған. Ортағасырлық ескерткіштердегі тұрғын үй құрылыстары көбіне қам кірпіштер мен пақса блоктарынан тұрғызылса, ал қоғамдық және діни ғимараттар негізінен қыш кірпіштерден салынған. Таулы жерге жақын құрылыстардың іргесі тіпті тастан қаланса, таулы аймақтарда толығымен тастан салынған құрылыстар да бар. Жалпы ірі қалалардың құрылысы сазды әртүрлі кейіпте пайдаланып тұрғызғандығы анық. Бүгінде осы саздан тұрғызылған құрылыстарды жай топырақтан ажыратып құрылысын анықтау өте ұқыптылықты, тәжірибе мен ептілікті қажет етеді. Мұны өз ісіне машық маман-археологтар ғана ажырата алады. Сондай археологтардың бірі – профессор Мадияр Елеуов бүгінде алпысты алқымдап, жетпісті желкелегелі отыр.

Мадияр ағайды студент кезімнен бері танимын. Университет қабырғасына 1995 жылы қабылданған күннен бастап Нұртаза Алдабергенов ағайымыз орта ғасыр археологиясымен айналысатындарын Мадияр ағайларыңнан үлгі алындар, ол кісі өз мамандығының иесі, қалалар мен қоныстарға қазба жұмыстарын жүргізудің нағыз маман-шебері деп жиі айтатын. Содан бізге «Археологиялық зерттеулердің тәсілдері» атты пән енгізіліп, оны Нұртаза ағай арқылы сыртынан таныс болып қалған Мадияр ағайымыз жүргізді. Шынымен-ақ ағайдың сабақ беру стилі ерекше екен. Тақырыпты студенттерге жеткізу, оны түсіндіруге келгенде далалық зерттеу жұмыстарының хас шебері екендігі білінді. Кез-келген тақырыпты тікелей тәжірибе жұмыстарымен байланыстырып түсіндіретін. Пәнді оқыту барысында бізді археологиялық барлау, іздеу, қазба жұмыстарымен жан-жақты сусындатты. Осы пәнді тамамдағаннан кейін ағай біздің топқа сабақ бермеді.

Екінші курста археологиялық практикамыз Түркістан қаласында өткізуге рұқсат алып, сонда қазба жұмыстарын жүргізіп жатқан Мадияр ағайдың тобына қосылдым. Қазба жұмыстарын Оранғай ауылы маңындағы Қарашық өзенінің оң жағасындағы қонысқа жүргізіп жатыр екен. Алғашында топырақ пен қабырғаны қалай ажыратады, оны қалай көреді деген сұрақтар мені де біраз уақытқа дейін мазалап жүрді. Мадияр ағайдың өзі мына жерден қабырға өтеді, мына жерде шұңқыр бар деп сызып, қалған бөлігін алдыртып тастататын. Қазбаны өте таза, ашық-шашықсыз ұстайтын. Бірнеше рет басы кесілген күрекпен қырнатып, сыпыртқы және щеткамен сыпыртатын. Қазба біткеннен кейін, қазбаның жоспарын ағайдың өзі түсірді. Түркістандағы бірқатар шәкірттерімен бірге қазбаның өлшемдерін ағайға айтамыз, ол қағазға сызып отырып қазбаның толық жосапырын алды. Сол кезде де ағайдың сызба жұмыстарынан қабілеттелігінің жоғары екендігін байқадым. Осы жылдан кейін ағаймен тек бірнеше жыл өткеннен соң барып кездестім.

2003 жылы Мадияр ағайдың жетекшілігімен Тұран археологиялық экспедициясы Түлкібас ауданындағы ортағасырлық Төрткүлтөбе қаласына қазба жұмыстарын жүргізді. Осы экспедицияға бір айдан аса уақыт мен де қатысып, қаланың жасын анықтайтын стратиграфиялық қазбасында болдым. Бұл кезде университетті тамамдаған болатынмын. Күзде ағайдың шақыртуымен Түркістан қаласындағы Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ-нің Археология ғылыми-зерттеу орталығына жұмысқа орналастым. Содан 2007 жылға дейін Тұран археологиялық экспедициясы құрамында Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан, Бәйдібек, Созақ, Түлкібас аудандарында, Қызылорда облысы Жаңақорған, Шиелі аудандарында, Жамбыл облысы Жамбыл, Талас, Сарысу аудандарында барлау-іздеу жұмыстарына, ортағасырлық Қарашық, Сауран қалаларындағы қазба жұмыстарына қатыстым. Осы жылдар аралығында Мадияр ағайдың тек қазба жұмыстарын жүргізудің бас маманы ғана емес, барлау жұмыстарын ұйымдастыру мен жүргізудің нағыз шебері екендігіне көзімді жеткіздім. Қазба және барлау жұмыстарын ұйымдастыру бойынша өз тәжірибесін шәкірттеріне үйретуден еш жалыққан емес. Карталармен жұмыс істеуге келгенде ағайдың тәжірибесі өте мол. Картаны ашып, бағыт-бағдар жасағанда негізгі кәсібі ма деген ойға келесін. Баяғыда аталарымыз жылдам жүретін адамдарды «желаяк» деп айтатынын еститінбіз. Барлау кезінде ағай жаяу жүргенде алдына жан салмайтындығын Қаратаудың ең биік нүктесі Мыңжылқы тауына шыққанымызда байқағанмын. Ағайды да «желаяк» деп атауға лайық. Жасы міне жетпіске келсе де осы жүрісі еш баяулаған емес.

2012 жылдан бері Мадияр ағайдың экспедицияларына қатысып келемін. Ортағасырлық Тараз, Ақтөбе және т.б. қалаларға жүргізген қазбаларына араластым. Қазбаға жұмыстарын жүргізгенде кейде сыртынан қарап тұрып мыналардың қайсысы жұмысшы, қайсысы ағай деген ойда қаласын. Себебі ағай шындықта келгенде, тіпті жұмысшылардан артық жұмыс істейді. Қолынан күрегі мен щеткасы түскен емес. Стратиграфиялық қазба жүргізудің нағыз маманы. Мұндай қазбада қазба шекарасындағы топырақ немесе мәдени қабатты көріп-білу, оны қағаз бетіне түсіру кез-келген

маманның қолынан келе бермейтін дүние. Мәдени қабаттың қалыңдығын, оның қатпарлануындағы өзгешеліктерді аңғару жағын ағай өте жақсы меңгерген. Топырақтың түсіне, тығыздығына қарап құрылысты ажыратса, жиналған мәдени қабаттарына қарай ескерткіштің тарихын танитын маман. Ескерткіштің дөң болып жатқан үйіндісінен топографиялық ерекшелігін, топырағынан құрылысын білу басты кәсібіне айналған.

Құрметті Мадияр ағай 70 жасқа келсеңіз де, осы кәсібіңізді тастамай елге танылып келесіз. Осы жолда жүріп топырақ астына көмулі жатқан ақтаңдақ тарихымызды жарыққа шығардыңыз. Ғылымға белгісіз болып келген бірнеше жүздеген ескерткіштерді ашып, ғылыми айналымға енгіздіңіз. Болашақта да сіздің зерттеу жұмыстарыңыз жалғасып, олардың жемісі өз нәтижелерін беріп, тарихымыздың бетін толықтырады деген үміттеміз. Ғылым жолындағы жұмысыңызға табыс тілеймін. Күрегіңіз бен қаламыңыз қолыңыздан түспей, том-том кітіптарды жазуға арқау бола берсін.

Т.О.Өсеров

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ ЖАЙЛЫ БІРЕР ОЙ

Қазақ тарихында дара да, сара жол сала білген ұлтымыздың біртуар перзенті, археолог-тарихшы, профессор М.Елеуовтың жүргізген ғылыми зерттеулері мен мұралары қазіргі күні аса маңызға ие десек артық айтпағандық болар еді.

М.Елеуов туралы сөз қозғағанда адам бойындағы ең ізгі қасиеттер – қарапайымдылық, ізгілік, ұлтжандылықты айналып өтуге болмайды.

Ұлағатты ұстаз 1994-2000 жж. аралығында ХҚТУ-ң тарих факультетінде алғаш рет «Археология, этнография және мұражай ісі» кафедрасының ашылуына септігін тигізіп ғана қоймай, лайықты үлесін қосқаны баршаға мәлім. «Ұлық болсаң кішік бол» – деген халық даналығын берік ұстанған ұстаз кафедра басшысы бола отырып ұжымдастар арасында жылы әрі достық қарым-қатынас орнатып, шәкірттерін қарапайымдылығымен, сабырлығымен баурап ала білді. Ағартушылық жолында көптеген шәкірттердің қазақ тарихына деген қызулығын арттыруға көп көңіл бөліп, бар жігер күшін жұмсады. Жастардың арасынан шыққан талантты шәкірттерді тауып, Түркістан өңіріндегі бұрын соңды ғылымға белгісіз болып келген тарихи ескерткіштерді тауып, осы мұраларды жүйелеп қағазға түсіріп, ғылыми айналымға енгізген нағыз тарих жанашыры бола білді. Түркістан қаласынан 2005 ж. жарыққа шыққан «Ескерусіз қалған ескерткіштер» атты еңбегі осының айқын дәлелі. Тарихи-мәдени мұра жанашырларына арналған бұл еңбекте Шу, Талас өңірлеріндегі, Қаратау беткейлері және Сырдария өзенінің орта ағысындағы жойылып кету алдында тұрған ескерткіштердің мәселесін көтере білді.

Ұстаз өз дәрістерінде ұлтты сүю, өз тарихынды білу және елге шынайы қызмет ету – әркімнің қолынан келе бермейтінін, осындай азаматтық істердің сөзбен ғана емес, іспен де дәлелденетін ұлы құбылыс екенін және де тіл тағдыры ел тағдырымен тығыз байланыста болатынын айтудан әсте жалыққан емес. Ол кісі ұлтжандылығын ісімен де дәлелдеп кез келген жиында, дәрістерде тек қана қазақ тілінде сөйлейтін. «Сөз - адамның айнасы» - дегендей, ол кісінің сөйлеген сөзінен-ақ, табиғи көрінісі мен жан дүниесі айқын көрініп тұратын. Орыс тіліне шорқақ шәкірттердің камын ойлап «Археология қазба әдістері» атты қазақ тілінде жазылған еңбегі де осыған дәлел. Шығармашылық еңбектері арқасында-ақ өзі тәрбиелеп отырған шәкірттері арасында айрықша құрметке, ерекше сыйластық пен беделге ие болған.

Табан ақы, маңдай терінің арқасында қазақ тарихы ғылымында жеткен жетістіктері мен кездескен кедергілерден қаймықпай өтіп, жоқтан бар жасап, «ертеңнен салса кешке озған, төменнен салса төске озған», қаншама қиыншылықтарды бастан өткерсе де өз шәкірттерін білімді де, еңбекқор, бастамашыл да, белсенді етіп баулыған ұлағатты ұстаздың орны біз үшін бөлек.

Құрметті ұстаз! Шығыс даналығында астары ауқымды, ойы терең мынандай ұлағатты сөз бар: «он жылдығыңды ойласан – мал бақ, жүз жылдығыңды ойласаң – ағаш ек, мың жылдығыңды ойласаң – ұрпақ тәрбиеле». Шәкірттеріңіз сізді әр уақытта да мақтан тұтады.

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

ЕСТЕЛІКТЕР / ВОСПОМИНАНИИ

Шәлекенов У.Х. Лаборанттан профессорлыққа жеткен ғалым	3
Мәшімбаев С.М. Ғылым мен білімнің киелі отауындағы археолог-тарихшы Мадияр Елеуов туралы	5
Алдабергенов Н.О. Арлы археологтың жолы	6
Төлеубаев Ә.Т. Мен білетін Мәкең	7
Самашев З. Мадиярдың Мерейтойына	11
Құрманқұлов Ж. Нағыз археолог-ғалым	12
Нұржаубайұлы Қ. Орындалған арман	14
Көкебаева Г.К. Зиялы азамат, Білгір ғалым, қамқор әке	16
Калыш А.Б. Я знаю Мадияра Елеуова со студенческих лет	19
Кәрібаев Б.Б. Ұстаздың өнегелі өмірі	21
Абдуалы А, Серікбаев Е, Ыбырайым А. Ұлы дала ұлықтаушысы	25
Қалшабаева Б.К. Ұстаз мерейі – М.Е. Елеуов 70-жаста!	27
Қожа М. Археолог-ұстаз Мадияр Елеуов	29
Тәжекеев Ә. Ә. Мадияр Елеуов – Сыр өңірі археологиясының жанашыры	31
Тұяқбаев М.Қ. Мадияр ағаның маман ретіндегі көрегендігі	34
Картаева Т. Өз ісінің ұстасы	36
Сайлан Б. Мейірімді Мадияр аға!	40
Телеуова Э.Т. Ұлағатты ұстаз	41
Көшекбаев Ә.Д. Тамыры терең тағлым	41
Қартабаева Е.Т. Ұлағатты ұстаз жайында бірер сөз	44
Мургабаев С., Бахтыбаев М. Қазақ мұрасының жаңашыры Мадияр Елеуұлы Елеуов	45
Есжан Е. Көне даланың құпия сырын зерттеуші	46
Ибадуллаева З.Ө. М.Е. Елеуов – қазуу-дегі ең алғашқы ұстаздарымның бірі	47
Ақымбек Е.Ш. Тарихты топырағынан таныған	48
Өсеров Т.О. Ұлағатты ұстаз жайлы бір ой	50
Арынов Қ.С. Ұлағатты ұстаз ізімен	51
Ахантаева Ә.Ж. Ғалым. Ұстаз. Қайраткер	52
Ноянов Е.Н. Маған әыстық» адам	56

М. ЕЛЕУОВ – ҚАЗАҚСТАН АРХЕОЛОГИЯСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ / М. ЕЛЕУОВ – АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ КАЗАХСТАНСКОЙ АРХЕОЛОГИИ

Омарбеков Т. Профессор М.Е. Елеуов және Талас алқабының тарихи ескерткіштері	58
Мұхатова О.Х. Мадияр Елеуов және ескерусіз қалған ескерткіш	60
Жолдасбаев С. Археологтардың жанайқайы	64
Кәрібаев Б.Б. Профессор М. Елеуұлы жариялаған тарихи аңыздар жөнінде	67
Талеев Д.А. Мадияр Елеуұлының Оңтүстік Қазақстан өңірінде жүргізген зерттеулері	71
Есенов С.Ғ. М. Елеуұлының Шу, Талас өңірінде жүргізген зерттеулері	75
Нуржанов А.А. Профессор М. Елеуов исследователь средневековых городов Казахстана	82
Мейірбеков М.Б., Апашева С.Н. Профессор М. Елеуов және ортағасырлық Үтіртөбе қаласы	83
Ерғазы Қ.Е. Археолог-ғалым Мадияр Елеуовтің қазақстан ескерткіштерін сақтаудағы рөлі	88
Көпеева М. Профессор М. Елеуовтың қазақстанның оңтүстік өңірлерінде жүргізген зерттеулері	89

ЕЖЕЛГІ ДӘУІР АРХЕОЛОГИЯСЫ / ПЕРВОБЫТНАЯ АРХЕОЛОГИЯ

Бекситов Г.Т., Оспанов Е.Б. Х.А. Алпысбаевтың өмір жолы, қоғамдық қызметі мен ғылыми дара жолы	92
Искаков Г.Т. Археологические памятники Мугоджар и Северного Приаралья	94
Железняков Б.А. Новые изображения на скалах Тамгалы	99
Мургабаев С., Бахтыбаев М., Малдыбекова Л., Нурханов Б. Исследования проведённые в 2012 году на могильнике шербай I	104
Үмітқалиев Ұ.Ұ. Асық баланың ойыны емес – бабаның мұрасы	111
Айтқұл Х.А., Өсеров Т.О. Ерте темір дәуірінің қола айналары	116
Никифорова Н.В. Страницы истории Павлодарского Прииртышья в археологических памятниках	119
Утубаев Ж.Р. Бәбіш Молла оазисіндегі көзешілер елді мекені	123
Сала Р, Деом Ж-М., Нигматова С., Эндо Кю, Кубота Ж. Изучение изменения озера балхаш: прошлое, настоящее, будущее	127
Чадамба Л.Д. Проблемы сохранения наскального искусства Тувы	136